

Атаулы шәкіртақы иегерімен сұхбат

7 сәуір күні М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің акт залында осы білім ордасы студенттерінің арасында 35 атаулы шәкіртақы иегерлерін марапаттау іс-шарасы өтті. Осы үлкен іс-шарада университет бойынша ең белсенді деген 100 студенттің арасынан 35 ең мықты студент оза шауып, түрлі саладағы ғалымдардың атынан берілетін атаулы шәкіртақы иегерлері атанды. Солардың қатарында «Механика және мұнай газ ісі» факультетінің «Механика және машинажасау» кафедрасында білім алып жатқан 3 курс ММГ-20-10к тобының студенті Канадиллаев Азамат бар.

– Азамат, алған марапатың құтты болсын! Сен теміржол инженері, тарихшы, Алаш қайраткері, әрі Түркістан мұхтариятының /Қоқан автономиясының/ бірінші төрағасы, «Қазақ» газеті авторларының бірі Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы атаулы шәкіртақы иегері атандың. Өзің туралы және осы жетістікке қалай жеткенің туралы



айтып берші?

– Мен М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Машинажасау технологиясы» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Басты критерий - академиялық үлгерім және оқудағы белсенділік болды. Студенттік өмірдегі белсенділігім мен жетістіктерім қаралды.

– Жарайсың, ал студенттік өмірде қай жағынан белсендісің?

– Негізінен, универге түскеннен бері өзім қызығып айналысатын салам – дебат. Мен университетіміздегі АҚИҚАТ пікірсайыс орталығының спикерімін, өзіме дебатпен айналысқан қатты ұнайды және ол бос уақытымды

тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

– Осы дебатпен айналысқандағы ең елеулі жеткен жетістіктеріңді атап өтші?

– Мысалы, 2022 жылы 26 наурызда «Ата заң – алтын тұғырымыз» атты Шымкент қалалық «АТА ZAN CUP» турнирінде 1-орын иелендім. 27 мамыр күні «Ақ жол» демократиялық партиясының ұйымдастыруымен «Ақ жол»-Жастар көзімен» атты қалалық пікірсайыс турнирінде «Үздік талпыныс» номинациясымен

марапатталдым. Былтыр ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» атты Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті жанынан құрылған «Болашақ» пікірсайыс орталығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық пікірсайыс турнирінде 2-орын иелендім. Және М.Әуезов атындағы ОҚУ «Парасат» басқармасының ұйымдастыруымен «PARASATCUP» қалалық пікірсайыс турнирінің «Үздік спикер» номинациясын иелендім. Өткен жылдың 12-13 қараша күндері өткен дәстүрлі факультет аралық «IP. CUP!» пікірсайыс

турнирінің «Үздік талпыныс» номинациясын иелендім. Сол айдың 27-28 күндері Ақтөбе қаласында өткен «ZHUBANOV CUP IV» республикалық турниріне белсене қатысқаным үшін университет ректоры Лаура Қарабасованың арнайы алғыс хатымен марапатталдым. Тағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті басшылығының қолдауымен және «Ақиқат» пікірсайыс орталығының ұйымдастыруымен ректор кубогіне арналған «Жастар – жарқын болашақ бастауы» атты республикалық пікірсайыс турнирінде «Бас ұйымдастырушы» болдым. Атаулы шәкіртақы алуда осы жетістіктерім еленді деп ойлаймын.

– Университетте ғылыми жұмыстармен айналысасың ба?

– Әрине. Былтыр 2 курста оқып жүргенімде А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ғылым мен жастар - табысты болашақтың сенімді кепілі» тақырыбындағы XXV республикалық студенттік ғылыми конференциясында алғашқы жазған мақалам жарыққа шықты. Қазір де өз мамандығыма қатысты ғылыми ізденісте жүрмін. Оны келер жылы дипломдық жобамда қарастырамын.

– Сұхбатыңа рақмет

Сұхбаттасқан: аға оқытушы
Қазтуғанова Г.А.